22.07.2024-ғы № 1-5-5-1-24/2473//ДС-250 шығыс хаты

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ

010000, Астана қаласы,
Тәуелсіздік даңғылы, 1
тел.: 8 (7172) 72 22 31
электрондық мекенжай: kense@mvd.gov.kz
20____ж._____№_____

МИНИСТЕРСТВО ВНУТРЕННИХ ДЕЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, город Астана
проспект Тәуелсіздік, 1
тел.: 8 (7172) 72 22 31
электронный адрес: kense@mvd.gov.kz

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Депутаттарына

2024 жылғы 13 маусымдағы № ДС-250 депутаттық сауалға

Ішкі істер министрлігі сауалда корсетілген ұсынымдарды ескере отырып келесі іс-шаралардың қабылданып жатқанын хабарлайды.

1. Орта мектептер және оқу орындары түлектерінің кештерінде заңсыздықтың орын алмауы үшін бағытталған рейдтерді жүргізу, қоғамдық тәртіпті сақтау шараларын күшейту туралы ақпарат.

Ағымдағы жылғы 12-15 маусымда Оқу-ағарту министрлігі ел мектептерінде түлектерге аттестаттарын тапсыру бойынша «мектеп бітіру кештері» салтанатты іс-шараларын өткізудің **ресми** күндерін белгіледі.

ІІМ нұсқауына сәйкес *(2024 жылғы 31 мамырдағы шығ. №1-5-5-6-78/3125-И)*, ПД құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында, әр оқу орнына салтанатты іс-шаралар өткізілетін орындарда екі полиция қызметкері және ІІО басшылығы қатарынан жауапты адамдар бекітілді, полиция нарядтары білім беру ұйымдарына барынша жақындатылады, сондай-ақ ЖБО бейнебақылау камералары іске қосылды.

Қоғамдық тәртіпті қорғауға **4 күн ішінде** барлығы **12 288** полиция қызметкері *(қалаларда - 5 174, аудандарда – 7 114)* және **3 278** автокөлік құралдары жұмылдырылды *(қалаларда - 1 724, аудандарда – 1 554)*.

Бөлінген күндері **254 мыңнан астам** түлектің қатысуымен *(қалалар – **144 750**, аудандар – **109 788**)***6 545 салтанатты іс-шара** өткізілді ***(6 117** – мектептерде, **428** – өзге орындарда)*.

Іс-шараларды өткізу кезеңінде қоғамдық тәртіп ерекше бақылауда болды. Тәулік бойы әлеуметтік желілерге мониторинг жүргізілді.

Іс-шараларды өткізу кезінде мектеп түлектерінің қатысуымен болған оқиғалар мен жазатайым оқиғалар тіркелмеген.

22.07.2024 Копия электронного документа.

Бұдан басқа, Алматы қаласының, Атырау және Маңғыстау облыстарының ПД ақпараттары бойынша бейресми іс-шаралар ағымдағы жылғы шілде айының соңына дейін өткізіледі.

Аталған өңірлерде бейресми іс-шаралар өткізілетін орындарда қоғамдық тәртіпті қорғауды қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылданатын болады.

2. Атырау қаласы мен Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Түрген ауылында орын алған оқиғаларға қатысты ақпарат.

Қазіргі таңда, аталған деректер бойынша Атырау және Алматы облысы Полиция департаменттері сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізуде.

Атырау қаласында орын алған қылмыс бойынша күдіктінің әрекеттері Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 106 бабының 3 бөлігімен сараланып, оған қатысты «қамау алу» түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылды.

Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданындағы орын алған құқық бұзушылық қатысушыларына қатысты тергеу органдарына «келу туралы міндеттеме» түріндегі процессуалдық шешім қабылданды. Күдіктілерге қатысты Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 293 бабының 3 бөлігі бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілуде.

Қылмыстық істердің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті тергеу министрліктің бақылауында.

3. Азаматтардың қолындағы қару-жараққа инвентаризация жүргізіп, олардың заңға сәйкес келмейтіндерін тәркілеуге қатысты және осы саланы реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді қатаңдатуға қатысты ақпарат.

Қаруды қолдану арқылы жасалатын қылмыстардың алдын алу және жолын кесу мақсатында аумақтық ІІО-да заңсыз айналымындағы атыс қаруы мен оқ-дәрілерді анықтауға және алып қоюға бағытталған «Қару», «Құқықтық тәртіп», «Браконьер» және т.б. жедел-алдын алу іс-шаралары тұрақты негізде жүргізіледі.

Жыл басынан бері жүргізіліп жатқан жұмыстар нәтижесінде заңсыз айналымнан 3,9 мыңнан астам қару алынды, оның ішінде 1,2 мың бірлік өз еркімен тапсырылды.

Азаматтық және қызметтік қару иелерінің сақтау, сондай-ақ тіркеу және қайта тіркеу шарттарын сақтау мәніне 306 мыңға жуық тексеру жүзеге асырылды, нәтижесінде 15 мың бұзушылық анықталып, кінәлілер әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Сонымен қатар құқық бұзушылыққа жол берген қару иелері мен пайдаланушыларына ықпал етудің қосымша шарасы оларды қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларын білу бойынша сынақтарды қайта тапсыруға жіберу болып табылады. Қарудың 703 иесі қайта тапсыруға жіберілді, 3 рұқсаттың күші жойылды.

Қаруды заңсыз айналымнан алып қоюдың пәрменді шараларының бірі 2012 жылдан бері халықтан заңсыз сақталған қару мен оқ-дәрілерді сатып алу бойынша жыл сайын өткізілетін акциялар болып табылады *(2012-2023 жылдар кезеңінде 56 мыңнан астам қару мен ойық қаруға 2,7 мыңнан астам патрон өз еркімен тапсырылды).*

Аталған акция ағымдағы жылдың 20 сәуірінен қайта бастау алды.

Бұл мақсатқа республикалық бюджеттен 88 млн. теңге бөлінді.

Нәтижесінде ағымдағы жылғы 7 маусымдағы жағдай бойынша Ішкі істер органдарына 692 азамат жүгінген.

Олар өз еріктерімен 865 бірлік қару тапсырды *(112 бірлік ойық ұзын ұңғылы атыс қаруы; 744 бірлік тегіс ұңғылы атыс қаруы; 9 бірлік травматикалық қаруы;)*

Сонымен қатар, 5 686 дана ойық қаруға арналған патрондар және 1,2 кг. жарылғыш заттар тапсырылды.

Бұдан басқа, 2022 жылы Мемлекет басшысының 2022 жылғы 11 қаңтардағы тапсырмасы бойынша *(Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің отырысында берілген, 11-тармақ)* ІІМ талдау жүргізді *(2022 жылғы шілдеде заңды күшіне енді)* және қару айналымы саласындағы реттеуді күшейту бойынша заңнамалық шаралар қабылданды:

- газды, травматикалық, суытылған, белгі беру лақтыратын қаруды контрабандалағаны үшін қылмыстық жауапкершілік енгізілді *(ҚР ҚК 286-бабы «Контрабанда»)*;

- қаруға рұқсат алу үшін медициналық тексеруден өту тәртібі мен мерзімділігі қатаңдатылған;

- денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру фактілері бойынша рұқсаттарды жою үшін негіздер тізбесі кеңейтілді: қаруды қайта жоғалтқаны үшін; заңсыз митингілерге қатысу; ТЖ режимін бұзу; азаматтығы тоқтатылған кезде; тұрмыстық зорлық-зомбылық, сондай-ақ медициналық қарсы айғақтар жасағаны үшін қорғау нұсқамасын шығару;

- заңды тұлғалар үшін атуға жарамсыз күйдегі қаруды дүкендерде *(бұрын - сауда залдарында ғана)* сақтау бойынша міндеттеме енгізілді;

- қарудың, есірткі және психотроптық заттардың заңсыз айналымына байланысты ауыр және аса ауыр қылмыстар, сондай-ақ террористік және экстремистік қылмыстар *(соттылығы өтелген немесе алынып тасталған адамдарды қоса алғанда)* жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамдарға қару иеленуге өмір бойы тыйым салу белгіленді.

Құрметпен,

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі **Е. Саденов**

✐ А. Кадролдинова
☏ 72-26-53
a.kadrolinova@mvd.gov.kz